



Қазақстан Республикасының Бас прокурорына сотталған адамдарды олар азаматы болып табылатын мемлекетке жазасын өтеуге беру туралы мәселені шешу жөнінде өкілеттік беру туралы

Қазақстан Республикасы Президентінің Қаулысы 19 қаңтар 1994 ж. N 1511

Қылмысты жазалауда айтарлықтай нәтижелерге қол жеткізуге ықпал ететін жағдайлар туғызу мақсатында, әрі ізгілік принципіне сүйеніп қаулы етемін:

Қазақстан Республикасының Жоғарғы Кеңесі сотталғандарды беру туралы халықаралық келісімді бекіткенге дейін Қазақстан Республикасының Бас прокурорына Қазақстан Республикасының шетел мемлекеттерінің соттары соттаған азаматтарын, жазасын Қазақстан Республикасының аумағында өтеуге; ал Қазақстан Республикасының соттары соттаған шетел мемлекеттерінің азаматтарын жазасын сол мемлекеттердің аумағында өтеуге беру туралы мәселелерді шешу жөнінде өкілеттік берілсін.

Қазақстан Республикасының
Президенті